

«Балажан» бобекжай – балабақшасы

**ЖЕЛШЕШЕК АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ
ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ**

15.01.2026 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбасва Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 9

Тәрбиеші көмекшілері: 7

Ата-аналар: 25

Барлығы: 41 адам

Күн тәртібінде:

Желшешек (ветрянка) ауруының алдын алу, оның жұғу жолдары, аурудың клиникалық белгілері, асқынулары және балалар ұжымында таралуының алдын алу шаралары бойынша ата-аналарға кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Желшешек – балалар арасында жиі кездесетін өте жұқпалы вирустық ауру. Аурудың қоздырғышы ауа-тамшы жолымен тез таралып, бір баладан екінші балаға қысқа уақыт ішінде жұғуы мүмкін. Әсіресе балабақша сияқты жабық балалар ұжымдарында инфекцияның таралу қаупі жоғары.

Аурудың жасырын кезеңі 10–21 күн аралығында болады. Осы кезеңде бала өзін сау сезінуі мүмкін, бірақ вирус ағзада дамып жатады.

Желшешектің негізгі белгілері:

- дене қызуының көтерілуі;
- жалпы әлсіздік және мазасыздық;
- теріде қызыл дақтардың пайда болуы;
- дақтардың көпіршікке айналуы;
- қатты қышыну;
- табеттің төмендеуі;
- ұйқының бұзылуы.

Бөртпелер алдымен денеде, кейін бет, бас және аяқ-қол аймақтарына таралады. Көпіршіктер жарылғаннан кейін қабық пайда болып, біртіндеп жазылады.

Ауру асқынған жағдайда тері инфекциялары, қабыну процестері және иммунитеттің төмендеуі сияқты жағдайлар туындауы мүмкін.

Алдын алу шаралары:

- науқас баланы толық оқшаулау;
- бөлмелерді жиі желдету;
- ығалды тазалық жүргізу;
- жеке гигиенаны сақтау;
- балалардың тырнағын қысқа ұстау;
- иммунитетті нығайту;
- дұрыс тамақтану;
- ауру белгілері бар баланы балабақшаға қабылдамау.

Қаулы:

1. Желпешек ауруының алдын алу бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.
2. Балалардың денсаулық жағдайын күнделікті бақылау.
3. Ауру белгілері байқалған жағдайда дереу дәрігерге қаралу.
4. Санитарлық талаптарды қатаң сақтау.

Қорытынды:

Желпешек – өте жұқпалы, бірақ дұрыс алдын алу шаралары арқылы бақылауға болатын ауру. Уақытылы оқшаулау, гигиена және иммунитетті нығайту балалар денсаулығын қорғауда маңызды рөл атқарады.



Медбике: Косжанова А.М.

«Балажан» бобексай – балабақшасы
ТЕМІРЕТКІ ЖӘНЕ ЖҰҚПАЛЫ МОЛЛЮСК АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ
БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ

20.02.2026 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбаева Г.Н.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 6

Тәрбиеші көмекшілері: 5

Ата-аналар: 20

Барлығы: 31 адам

Күн тәртібінде:

Теміреткі және жұқпалы моллюск тері ауруларының алдын алу, олардың жұғу жолдары, клиникалық белгілері, асқынулары және балалар ұжымында таралуының алдын алу шаралары туралы ата-аналарға кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Теміреткі – саңырауқұлақтар арқылы қозатын жұқпалы тері ауруы. Ол адамнан адамға, сондай-ақ жануарлардан және ортақ тұрмыстық заттар арқылы жұғуы мүмкін. Балалар арасында жиі кездесетін және тез таралатын аурулардың бірі болып саналады.

Жұқпалы моллюск – вирустық тері ауруы. Ол балалар ұжымында тікелей байланыс немесе ортақ заттарды пайдалану арқылы жұғады. Ауру ұзақ уақыт сақталуы мүмкін және біртіндеп тері бетінде көбейеді.

Теміреткінің негізгі белгілері:

- теріде дөңгелек қызыл немесе ақшыл дақтардың пайда болуы;
- қабыршақтану;
- қышыну;
- дақтардың үлкеюі;
- кей жағдайда шапш түсу ошақтарының пайда болуы.

Жұқпалы моллюск белгілері:

- теріде жылтыр, кішкентай түйіншектердің пайда болуы;
- түйіншек ортасында ойықтың болуы;
- ауырсынудың болмауы;
- біртіндеп көбеюі;
- кейде жеңіл қышыну.

Аталған аурулар дер кезінде анықталмаса, балалар арасында тез таралып, ұзақ емдеуді қажет етеді.

Алдын алу шаралары:

- жеке бас гигиенасын сақтау;
- жеке сүлгі, тарақ және киім қолдану;
- балалардың терісін тұрақты тексеру;
- үй жануарларын ветеринарлық бақылаудан өткізу;
- терідегі өзгерістерді ерте анықтау;
- науқас балаларды уақытында окшаулау;
- бөлмелерді жиі желдету және ылғалды тазалау.

Қаулы:

1. Теміреткі және жұқпалы моллюск аурулары бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.
2. Балалардың жеке гигиенасын бақылауды күшейту.
3. Ата-аналарға ауру белгілері туралы ақпарат беру.
4. Санитарлық талаптардың орындалуын қадағалау.
5. Ауру белгілері бар балаларды уақытында медициналық тексеруге жіберу.

Қорытынды:

Теміреткі және жұқпалы моллюск – балалар арасында жиі кездесетін тері аурулары. Олардың алдын алуда тазалық сақтау, жеке заттарды ортақ пайдаланбау және уақтылы медициналық көмекке жүгіну маңызды рөл атқарады.



Медбике: Қосжанова А.М.

«Балажан» бөбекжай – балабақшасы
ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСПІДІРУ
ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ

15.03.2026 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбаева Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 6

Тәрбиеші көмекшілері: 5

Ата-аналар: 20

Барлығы: 31 адам

Күн тәртібінде:

Мектепке дейінгі жастағы балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру, тағам сапасын бақылау, рационның теңгерімділігі және балалар ағзасының дұрыс дамуы үшін қажетті витаминдер мен минералдардың маңызы туралы ата-аналарға ақпарат беру.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Дұрыс тамақтану – баланың денсаулығы мен дамуының негізгі негізі болып табылады. Мектепке дейінгі жаста ағза тез дамитындықтан, тағам құрамында ақуыз, май, көмірсу, витаминдер мен минералдар жеткілікті болуы қажет.

Теңгерімді тамақтанбау баланың иммунитетінің төмендеуіне, тез шаршауына, зейіннің өлсіреуіне және түрлі ауруларға бейімділіктің артуына әкеледі.

Балалар тамақтануында маңызды талаптар:

- тағамның құнарлы және әртүрлі болуы;
- күнделікті көкөніс пен жеміс тұтыну;
- сүт өнімдерін тұрақты пайдалану;
- ыстық тағамның уақтылы берілуі;
- ас мәзірінің жас ерекшелігіне сай болуы;
- таза ауыз су тұтыну.

Сонымен қатар зиянды тағамдарды шектеу қажет:

- фастфуд өнімдері;
- газдалған сусындар;
- артық тәттілер;
- жасашы қоспалары бар өнімдер.

Балабақша жағдайында тамақтың сапасы, сақтау мерзімі және санитарлық талаптардың орындалуы қатаң бақылауда болады. Бас аспаз тарапынан тағамның дұрыс дайындалуы және балаларға қауіпсіз берілуі қамтамасыз етіледі.

Қаулы

1. Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру бойынша жұмыстарды күшейту.
2. Ас мәзірінің теңгерімділігін бақылау.
3. Ата-апаларға үй жағдайында дұрыс тамақтану жөнінде түсіндіру.
4. Санитарлық талаптарды қатаң сақтау.

Қорытынды

Дұрыс тамақтану – баланың денсаулығы мен имунитетінің негізі. Ата-ана мен балабақша бірлесіп отырып, баланың толыққанды дамуы қамтамасыз етеді.

 Медбике Косманова А.М.

«Балажан» бөбекжай – балабақшасы
ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-
ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ

15.04.2026 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбаева Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 5

Тәрбиеші көмекшілері: 5

Ата-аналар: 20

Барлығы: 30 адам

Күн тәртібінде:

Жедел ішек инфекцияларының алдын алу, оның таралу жолдары, аурудың клиникалық белгілері, асқынулары және балалар ұжымында жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша ата-аналарға кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Жедел ішек инфекциясы – балалар арасында жиі кездесетін, ас қорыту жүйесін зақымдайтын жұқпалы аурулардың бірі. Ауру көбінесе лас қол, ластанған су, дұрыс жуылмаған көкөніс-жеміс және сапасыз тағам өнімдері арқылы жұғады. Балабақша жағдайында балалардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынасы, ортақ ойыншықтарды қолдануы және жеке гигиенаның толық сақталмауы аурудың тез таралуына себеп болады.

Инфекция ағзаға түскеннен кейін ішек жолдарын зақымдап, ағзаның улануына және сусыздануға әкелуі мүмкін. Балалар ағзасы сусыздануға өте сезімтал болғандықтан, ауру дер кезінде анықталмаса ауыр асқынуларға соқтырады.

Жедел ішек инфекциясының негізгі белгілері:

- іш өту (диарея);
- қайталамалы құсу;
- дене қызуының көтерілуі;
- іштің ауыруы және түйілуі;
- жалпы әлсіздік және тәбеттің төмендеуі;
- сусыздану белгілері (ауыздың құрғауы, шөлдеу, зәрдің азаюы).

Аурудың асқынуы кезінде ағзада су-тұз теңгерімі бұзылып, баланың жалпы жағдайы күрт нашарлауы мүмкін. Сондықтан бұл ауруды жеңіл деп қарауға болмайды.

Алдын алу шаралары:

- қолды сабынмен дұрыс және жиі жуу;
- тамақтанар алдында және дәретханадан кейін гигиенаны сақтау;
- тек қайнатылған немесе тазартылған су пайдалану;
- көкөніс пен жемістерді мұқият жуу;
- тағамды дұрыс сақтау және мерзімін бақылау;
- ас үйдің тазалығын сақтау;
- ортақ ыдыс-аяқ қолданбау;
- баланың ойыншықтарын үнемі жуып, дезинфекциялау;
- ауру белгілері бар баланы балабақшаға қабылдамау.

Балабақшада тағам дайындау кезінде санитарлық талаптар қатаң сақталатыны, азық-түлік сапасы және сақтау шарттары тұрақты бақылауда болатыны айтылды.

Қаулы:

1. Жедел ішек инфекциясының алдын алу бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.
2. Балалардың жеке бас гигиенасын қатаң бақылау.
3. Балабақшада санитарлық талаптарды күшейту.
4. Ауру белгілері бар балаларды дер кезінде оқшаулау.
5. Ата-аналарға үй жағдайында алдын алу шараларын сақтау жөнінде ұсыныстар беру.

Қорытынды:

Жедел ішек инфекциясы – балалар денсаулығына қауіпті жұқпалы ауру. Оның алдын алуда негізгі рөл жеке гигиена, таза су қолдану және санитарлық талаптарды сақтау болып табылады. Ата-ана мен балабақша бірлескен жұмысы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.



Медбике: Қосжанова А.М.

«Балажан» бөбекжай – балабақшасы
ПАРАЗИТТІК АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ
ЖҰМЫСТАРЫ
ХАТТАМАСЫ

15.05.2026 ж.

Қатысқандар:

Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Қосжанова А.М.

Бас аспаз: Әмірбаева Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 5

Тәрбиеші көмекшілері: 5

Ата-аналар: 20

Барлығы: 30 адам

Күн тәртібінде:

Балалар арасында жиі кездесетін паразиттік аурулардың (гельминтоздар) алдын алу, жұту жолдары, клиникалық белгілері және мектепке дейінгі ұйымда санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша ата-аналарға кең көлемде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі: Қосжанова А.М.

Паразиттік аурулар – адам ағзасына өртүрлі кұрттар (гельминттер) түсуі нәтижесінде пайда болатын жұқпалы аурулар тобы. Бұл аурулар көбінесе гигиеналық талаптардың сақталмауы салдарынан дамиды. Балалар арасында жиі кездесуі олардың қолды дұрыс жумай тамақтануы, тырнақтың өсіп кетуі және таза емес заттарды ауызға салу әдетімен байланысты.

Паразиттер ағзаға түскеннен кейін ішек жолдарында өмір сүріп, баланың жалпы жағдайын нашарлатады және витаминдердің сінуін төмендетеді.

Негізгі белгілері:

- тәбеттің төмендеуі немесе шамадан тыс артуы;
- іштің жиі ауыруы;
- жүрек айну, әлсіздік;
- түнгі уақытта мазасыз ұйқы;
- тіс қайрау (бруксизм);
- анальды аймақта қышыну;
- салмақтың төмендеуі;
- тез шаршау.

Ауру ұзақ уақыт емделмеген жағдайда баланың иммунитеті төмендеп, басқа жұқпалы ауруларға бойымділігі артады.

Алдын алу шаралары:

- қолды сабынмен мұқият және жиі жуу;
- тырнықты қысқа және таза ұстау;
- көкөніс пен жемістерді жақсылап жуу;
- таза және қайнатылған су пайдалану;
- жеке гигиена ережелерін сақтау;
- төсек-орын мен жеке заттарды таза ұстау;
- үй жануарларын ветеринарлық бақылаудан өткізу;
- жоспарлы профилактикалық тексерулерден өту.

Балабақшада балалардың ойыншықтары мен ортақ заттары жүйелі түрде өңделетіні және санитарлық талаптар қатаң сақталатыны атап өтілді.

Қаулы:

1. Паразиттік аурулардың алдын алу бойынша ақпараттық жұмыстарды тұрақты жүргізу.
2. Балалардың жеке гигиеналық дағдыларын күшейту.
3. Ата-аналарға үй жағдайында алдын алу шараларын түсіндіру.
4. Балабақшада санитарлық тазалықты қатаң сақтау.
5. Ауру белгілері байқалған жағдайда медициналық мекемеге жедел жүгіну.

Қорытынды:

Паразиттік аурулардың алдын алуда негізгі фактор — жеке гигиена мен тазалық. Ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен өрекеті балалардың денсаулығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

 Медбике: Қосжанова А.М.

«Балажан» бобекжай-бақшасы

Тұмау

ХАТТАМАСЫ

26.09.2026 жыл

Қатысқандар: Балабақша әдіскері: Аймағанбетова А.Б.

Медбике: Косжапова А.М.

Бас аспаз: Амирбаева Г.И.

Шақырылғандар: ата-аналар

Тәрбиешілер: 8

Тәрбиешінің көмекшілері: 6

Ата-аналар: 16

Барлығы: 30 адам

Күн тәртібінде:

1 Тұмаудың алдын-алу шаралары.

Тыңдалды :

Балабақша медбикесі Косжапова А.М.

Жиналысты ашып беріп, қатысқан ата-аналар балабақша тәрбиешілері, аспаз, тәрбиешінің көмекшілеріне тұмау және оның алдын-алу шаралары туралы баяндама жасады.

Тұмау – бұл ауа тамшы жолымен берілетін жедел жұқпалы дерт. Тұмаудың сойқандығы оның асқынуларында. Балалар үшін тұмау ерекше қауіпті. Әрбір күз және қыс айларында әдеттегідей тұмаулық жұқпалы дерт бой көтереді. Тұмауды сізбен тығыз қарым қатынастағы науқас адамнан жұқтырып алуға болады. Жұқтыру сәтінен бастап аурудың алғашқы белгілері өте тез бірнеше сағатта пайда болуы мүмкін. Алдын-алудың ең тиімді әдісі – індет басталмастан бұрын тұмауға қарсы егу жүргізу қыркүйек, қазан айлары.

Балаларды егу-емдеу мекемелерінде дәрігердің тексеруінен және рұқсатынан кейін жүргізілгені дұрыс.

Тұмаудың алғашқы белгілері:

1. Дене қызуының 39,0-қа дейін және оданда жоғары көтерілуі;
2. Бұлшық еттердің және сүйектердің сырқырауы;
3. Бас ауруы;
4. Көздерінің қызаруы;
5. Әлсіздік, тез шаршағыштық;
6. Түшкіру және құрғақ жөтел;

Тұмаудың алдыналу шаралары

1. Әрбір 2 сағат сайын мұрынның шырышты қабаттарын оксалин майымен майлап отырамыз.
2. Медициналық маска тағып жүріңіз. Әрбір 2 сағат сайын ауыстырып отыру үшін ондай масклар әр адамда кем дегенде 3 данадан болуы қажет.
3. Бөлмелерді кем дегенде 2 рет желдетіп отыруы қажет, жиі ылғалдап жуу қажет.
4. Тұмау белгілері бар науқасты оқшаулау керек.
5. Дәрігерге уақыты тексеріліп тұру қажет.

Сөз алғандар:

Балабақшаның әдіскері Аймағанбетова А.Б.

– Құрметті ата-аналар медбикеміз сіздерге тұмау туралы мәлімет берді. Тұмаудан сақ болайық балаларымыз тұмаумен ауырмасын.

Бәріміз тұмаудан сақтануымыз керек.

Ата-аналар: бізге сондай ауру туралы мәлімет бергендеріңіз үшін рахмет сіздерге әрине бұдан кейін балаларымызға мұқият боламыз.

Қорытынды:

Қорыта келе тұмау туралы өтілген іс-шара барысында Тәрбиешілер, тәрбиешілердің көмекшілері, ата-аналар бұл аурудың қалай, қайдан жұғатыны туралы толық мәліметке ие болды қолдарына тұмау туралы жазбалар таратылды.



Медбике Косжанова А.М.